

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 22 қазан N 1137

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 және "Ө.Ө.Оспанов атындағы Топырақтану институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын көшіру туралы" 2002 жылғы 14 маусымдағы N 650 қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне "Ө.Ө.Оспанов атындағы Топырақтану институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын көшіруге және аталған кәсіпорынның ғимаратын жөндеу жұмыстарын жүргізуге 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 20090000 (жиырма миллион тоқсан мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі